

Қорғаныс мұқтажы үшін жер учаскелерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 789 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі 13-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Ақтөбе аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне қорғаныс мұқтажы үшін тұрақты жер пайдалану құқығында Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының елді мекендерінің жері санатынан жалпы алаңы 6,8372 гектар жер учаскелері берілісін.

2. Ақтөбе облысының әкімі және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

5

т а м ы з д а ғ ы

№

7 8 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Ақтөбе аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

| Р/с № | Берілетін жер учаскесінің жер санаты | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жалпы алаңы, гектар | Оның ішінде: | | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты |
|-------|--------------------------------------|---------------------------------|---------------------|--|-------------|----------------------------------|
| | | | | а у ы л шаруашылығы алқаптары жайылым) | (басқалары | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

| | | | | | |
|----|--------------------------------------|---|--------|---|--------|
| 1. | Ақтөбе қаласы елді мекендерінің жері | Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Есет батыр көшесіндегі № 1 учаске | 6,3111 | - | 6,3111 |
|----|--------------------------------------|---|--------|---|--------|

| | | | | | | |
|----|--------------------------------------|---|--------|---|--------|---|
| | | | | | | орналастыру және оған қызмет көрсету үшін |
| 2. | Ақтөбе қаласы елді мекендерінің жері | Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Есет батыр көшесіндегі № 2 учаске | 0,5261 | - | 0,5261 | Жатақхананы пайдалану үшін |
| | Барлығы: | | 6,8372 | - | 6,8372 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК